

**«МДШО бар М.Сенгірбаев атындағы орта мектеп» мемлекеттік
коммуналдық мекемесі**

**«Оқушылар арасында жедел респираторлық вирустық
инфекциялардың алдын алу туралы» анықтама**

Жіті респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ) - әлемдегі тұмауды біріктіретін аурулардың ең кең тараған тобы тұмау, парагрипп, респираторлық-синцитиалдық инфекция, риновирусты және аденовирусты инфекция, басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының талаурамалы қабынбалары. Даму үдерісінде вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқынуы мүмкін.

16.01.2025 жылы мектебімізде 8 – 10 сынып оқушылары арасында аудандық аурухана мамандары және аудандық білім бөлімінің әдіскері Қ.К.Абуованың қатысуымен «Оқушылар арасында жедел респираторлық вирустық инфекциялардың алдын алу туралы» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аудандық аурухана маманы А.Айдаровна Жіті респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ) туралы презентация көрсетіп, оқушыларға вирустық инфекцияның алдын алу, күнделікті таңертеңгі сүзгіні енгізуді, ауырған оқушыларды бір күн ішінде ата – аналары келгенде дейін қалай ұйымдастыру туралы айтып өтті. Оған қоса, білім беру ұйымдарында әр қабатта, әр сыныпта оқушылардың, персоналдың қолын өңдеу үшін тері антисептигі бар санитайзерлер орнатуды атап айтты.

ЖРВИ мен тұмауды алдын алу:

Тұмауды алдын алудың 3 түрі бары белгілі:

- Екпелік алдын алу;
- Дәрімен алдын алу (вирусқа қарсы дәрілер);
- Жеке және қоғамдық гигиена (ақпараттандыру жолымен) ережесін қадағалау.

ЖРВИ кезінде не болады?

Вирустар мен бактериялар тыныс алу жолдарына түседі, шырышты қабыққа түсіп, зиянды заттар уыттар бөліп шығарады, сосын олар қан арқылы барлық ағзаға таралады. ЖРВИ-мен балалар және иммундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады. Иммунитет ауырғаннан кейін тұрақты емес, сондықтан әр адам жыл сайын 3-4 және одан да көп ауруы мүмкін.

ЖРВИ әдетте жіті, күтпеген жерден басталады. Жұқтыру мен ауру арасында орташа алғанда шамамен 2 күн өтеді. Ауырар алдында адамды мыналар мазалау мүмкін: шаршау сезімі, әлсіздік, ашуланшақтық. Бұдан әрі бұл белгілер көбейеді, бас ауырады, қатты әлсіздік, бұлшық еттер сырқырайды, дене қызуы жоғарлауы мүмкін, терлегіш болады. Тұмау, тамақтың ауруы, жөтел пайда болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тыныс алу жолдарының зақымдануымен конъюнктивит-көздің зақымдану белгілері болуы мүмкін

екендігін түсіндіріп айтып өтті. Оқушылар түсіндірме жұмысын мұқият тыңдап, түсінбеген сұрақтарын қайта қойып, өз сұрақтарына қанағаттанарлық жауап алды. Жиналыс соңында аудандық білім бөлімінің әдіскері Қ.К.Абуова өз сөзімен жиналысты қорытындылап аяқтады.



Мектеп директоры:

А.Ж.Салимбаева

ДТІЖО

Шайбаева М.Н